

2015-2016 жылдарға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 17 тамыздағы № 1765 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 тамызда № 3841 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 1995 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 29.09.2016 № 1995 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығының 10 тармағына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласы бойынша 2015-2016 жылдарға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы **Ғ.Құрманбайға** жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 20 қыркүйегінен туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қала әкімі

Ғ.Әбдірахымов

**Шымкент қаласы бойынша 2015-2016 жылдарға арналған
субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері
бойынша егістіктің оңтайлы мерзімдері**

№	Дақыл түрі	Егістіктің оңтайлы мерзімдері		Ескертпе
		басталуы	аяқталуы	
1	Күздік бидай	20.09.2015	20.11.2015	Тәлімі және суармалы жер
2	Жоңышқа	10.03.2016	10.04.2016	Тәлімі және суармалы жер
3	Көкөніс	10.03.2016	20.05.2016	Суармалы жер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК